

Білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді.

- Мәтін
- Ресми жарияланым
- Ақпарат
- Өзгерістер тарихы
- Сілтемелер
- Көшіру
- Басқа

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-агарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі үйымдарда қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Орта білім беру үйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-агарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) "Қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырудың және білім беру үйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандадағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4995 болып тіркелген, 2007 жылғы 30 қарашадағы № 184 (1387) "Юридическая газета" газетінде жарияланған) № 501 бұйрығы;

2) "Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14751 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде жарияланған) № 715 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Е.Ерсайынов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кесіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Премьер-Минistrінің орынбасары –

E. Сагадиев

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А.Мырзахметов

2017 ж. 23 шілде

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б.Сұлтанов

2017 ж. 7 тамыз

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

_____ А. Мұхамедиұлы

2017 ж. 28 шілде

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 27 шілдегі
№ 355 бұйрығымен
1 қосымша

Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 №56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық

кеңестің (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

2. Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның дамуына ықпал ететін және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;
- 4) ашықтық;
- 5) жариялыштық пен шынайыштық.

3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;

2) өз қызметін мектепке дейінгі ұйыммен, жүртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыруға міндетті.

2-тaraу. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі

4. Қамқоршылық кеңесті тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган) құратын комиссия (бұдан әрі – Комиссия сайлайды.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

5. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екісінен) аспайды.

Комиссия құрамына жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

6. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.

Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері Комиссия хатшысы болып табылады.

7. Комиссияның жалпы құрамының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысқан жағдайда Комиссияның отырысы өткізілген және оның шешімі занды болып есептеледі.

Комиссия шешімі Комиссия мүшелерінің жалпы санының дауыстар басымдылығымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның барлық шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді, оған төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қояды.

8. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құнтізбелік жылдың 1 мен 10 қыркүйек аралығындағы кезенде (Қамқоршылық кеңестің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде) Қамқоршылық кеңестің сайлануы жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыруды, оның атауын, сапалық құрамын, сондай-ақ Қағиданың 9-тармағына сәйкес құжаттар мен мәліметтер жіберілетін почта және электрондық мекенжайларды көрсете отырып, өзінің интернет-ресурсында және/немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Құжаттарды қабылдау хабарландыру орналастырылған күннен бастап құнтізбелік 20 (жиырма) күн өткен соң аяқталады.

9. Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш (еркін түрде);
- 2) үміткердің жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйінде;
- 4) білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);

5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Үміткерлер өздерінің кәсіби (немесе) қоғамдық қызметі туралы қосымша мәліметтер ұсынады.

10. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ата-аналары немесе занды өкілдері (осы мектепке дейінгі ұйымның әрбір жастағы топтың тәрбиеленушілерінің бір ата-анасы немесе занды өкілі) – әрбір жастағы топтардың санынан аспайды;
- 2) педагогикалық енбек ардагерлері (бар болса) – 1 адам;

3) жергілікті өкілдік және/немесе атқарушы және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдері – 1-3 адам;

4) үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері – 1-2 адам;

5) қайырымдылық жасаушылар және/немесе меценаттар (бар болса) – 1-2 адам;

6) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса) – 1 адам кіреді.

11. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлердің ата-аналар жұртшылығының жалпы жиналысында іріктеуден өткен мектепке дейінгі ұйымдар ұсынады.

Ата-аналар жұртшылығынан үміткерлердің тізімі (әрбір жастағы топтан осы мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілердің бір ата-анаынан немесе өзге де занды өкілінен) осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

12. Комиссия өтініштерді беру мерзімі аяқталған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде үміткерлер ұсынған құжаттарды қарайды, үміткердің осы Қағидалардың 9, 10 және 11-тармақтарына сәйкестігін бағалауды жүргізеді. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес үміткерлерді іріктеуді жүргізеді.

Барлық қажетті ресімдерді ескере отырып, Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру күнтізбелік жылдың 30 қазаннан кешіктірілмей аяқталады.

13. Қамқоршылық кеңестің сайланған құрамы тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Комиссия хаттамалық шешім шығарған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітеді, сайланған құрамның тізімі олардың ресми интернет-ресурсында және білім беру ұйымдарында орналастырылады.

3-тарау. Қамқоршылық кеңестің функциялары

14. Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесі:

1) мектепке дейінгі ұйымды дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды келіседі;

2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған мектепке дейінгі ұйым жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

3) мектепке дейінгі ұйымның бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

4) мектепке дейінгі ұйымның жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу ді келіседі;

5) мектепке дейінгі ұйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуы туралы,

демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды;

6) тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де занды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға, олардың құқықтарын қорғауға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітүшіліктен қорғауға жәрдемдеседі;

7) санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

8) мектепке дейінгі үйым басшысының мектепке дейінгі үйымның қызметі туралы есептерін жылына кемінде 2 (екі) рет тыңдайды;

9) қын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі үйымның шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады;

10) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерген көмек көрсетуді үйимдастыруға жәрдемдеседі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды, ерекше білім алуды қажет ететін балаларды, дарынды балаларды қолдау шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

11) мектепке дейінгі үйымның әкімшілігіне сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүргізуге жәрдемдеседі;

12) ата-аналарына немесе өзге де занды өкілдеріне анонимді сауалнама жүргізу арқылы мектепке дейінгі үйимда оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

13) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг жүргізеді;

14) мектепке дейінгі үйимда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қызығушылықтары бойынша үйірмелерде және спорт секцияларына қамтылуына жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

15) педагогикалық ұжымға тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, мектепке дейінгі үйымының әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналыстарын өткізеді;

16) педагогтер, ата-аналар немесе өзге де занды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге жәрдемдеседі;

17) мектепке дейінгі үйым қызметінің мәселелері бойынша мәдени, сауықтыру іс-шараларын, конференцияларды, кеңестерді, семинарларды өткізуға жәрдемдеседі;

18) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

Бақылау барысында анықталған бұзушылықтар кезектен тыс отырыстың қарауына шығарылады.

15. Қамқоршылық кеңестің қызметі оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

16. Қамқоршылық кеңестің отырысы тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің отырыстарын бейнеконференцбайланыс режимінде өткізуге жол беріледі.

17. Отырысты өткізу туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерін хабардар ете отырып, мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында орналастырады.

Интернет-ресурстағы ақпарат отырыстың өткізілетін күнін, уақытын және орнын қамтиды.

18. Отырыстарға азаматтық қоғамның бақылаушылары қатысады.

19. Осы мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің арасынан Қамқоршылық кеңестің отырысында көпшілік дауспен ашық дауыс беру жолымен сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

20. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және оның қызметін осы Қағидаларға сәйкес қамтамасыз етеді. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

21. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің немесе тәуелсіз тұлғалардың арасынан сайланатын және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайтын Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

22. Отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырысы заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не адамға сенімхат бойынша беруіне жол берілмейді.

23. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады, хаттамамен ресімделеді және оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда Қамқоршылық кеңестің төрағасы немесе

Қамқоршылық кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

24. Қамқоршылық кеңестің шешімдерін білім беру үйымының әкімшілігі зандада белгіленген мерзімде тиісті шешімдер қабылдай отырып қарайды.

25. Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен барлық қатысып отырған мүшелері қол қояды және мектепке дейінгі үйымның басшысына келісуге енгізіледі.

26. Білім беру үйымының басшысы Қамқоршылық кеңестің шешімімен келіспеген кезде келіспеушіліктер оларды еңсеру үшін қамқоршылық кеңестен және мектепке дейінгі үйымнан қатысушылардың тең саны қатысатын комиссия (бұдан әрі – келісу комиссиясы) құрылатын келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Келісу комиссиясының мүшелері өз құрамынан Келісу комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен төрағаны сайлайды. Келісу комиссиясы келіспеушіліктер туындаған шешімдерді қарайды.

Келісу комиссиясы шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Келісу комиссиясының шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. "Қолдаймын" немесе "қарсымын" дауыстар саны тең болған кезде келісу комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

27. Қамқоршылық кеңестің шешімдерін кеңес хатшысы мектепке дейінгі үйымның интернет-ресурсында орналастырады.

28. Мектепке дейінгі үйымға қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

29. Мектепке дейінгі үйымға қабылданған қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер:

1) мемлекеттік мекеме үйымдық – құқықтық нысанда құрылған мектепке дейінгі үйым үшін – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілдегі органның аумақтық бөлімшесінде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шотына;

2) өзге үйымдық-құқықтық нысандарда құрылған мектепке дейінгі үйым үшін – екінші деңгейдегі банкте ашылған шотына аударылады.

30. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға:

1) мектепке дейінгі үйымның тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдауға;

2) мектепке дейінгі үйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;

3) дарынды балаларды қолдауға;

4) пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға жұмсалады.

31. Мектепке дейінгі ұйым жыл сайын қаржы жылдының қорытындысы бойынша ата-аналар жүртшылығын осы мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қызмет нәтижелері туралы хабардар етеді.

32. Осы кеңестің қызметі шеңберінде Қамқоршылық кеңес мүшесі алған, дербес деректерді қорғау, мемлекеттік және қызметтік құпия, коммерциялық құпия туралы қолданыстағы заңнамамен қорғалатын ақпарат үшінші адамдарға ашылмайды.

5-тaraу. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

33. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;

2) мектепке дейінгі ұйымды тарату, қайта ұйымдастыру кезінде;

3) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;

4) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде жүзеге асырылады.

34. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан:

1) жеке бастама бойынша (Кеңес төрағасының атына еркін түрдегі жазбаша өтініш негізінде);

2) кеңес отырыстарында дәлелсіз себептермен жыл ішінде үш реттен артық болмау себебінен шығарылады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі¹
2017 жылғы 27 шілдесінде
№ 355 бұйрығы
2-қосымша

Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі

Ескерту. Бұйрық 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес өзірленді және Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

2. Қамқоршылық кеңес орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – білім беру ұйымы) дамуина ықпал ететін және білім беру ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;
- 4) ашықтық;
- 5) жариялыштық пен шынайыштық.

3. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;

2) өз қызметін білім беру ұйымымен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мұдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асыруға міндетті.

2-тaraу. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі

4. Қамқоршылық кеңесті тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құратын комиссия (бұдан әрі – Комиссия) сайлайды.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

5. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екісінен) аспайды.

Комиссия құрамына жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

6. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.

Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті саланың үекілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері Комиссияның хатшысы болып табылады.

7. Комиссияның жалпы құрамының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысқан жағдайда Комиссияның отырысы өткізілген және оның шешімі заңды болып есептеледі.

Комиссия шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының дауыстар басымдылығымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның барлық шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді, оған төраға, отырыска қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қояды.

8. Тиісті саланың үекілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құнтізбелік жылдың 1 мен 10 қыркүйек аралығындағы кезенде (Қамқоршылық кеңестің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде) Қамқоршылық кеңестің сайлануы жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыруды, оның атауын, сапалық құрамын, сондай-ақ Қағиданың 9-тармағына сәйкес құжаттар мен мәліметтер жіберілетін почта және электрондық мекенжайларды көрсете отырып, өзінің интернет-ресурсында және/немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялады.

Құжаттарды қабылдау хабарландыру орналастырылған күннен бастап құнтізбелік 20 (жиырма) күн өткен соң аяқталады.

9. Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарламада көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтінім (еркін түрде);
- 2) үміткердің жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйінде;
- 4) білімі бар екендігі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Үміткерлер өздерінің кәсіби (немесе) қоғамдық қызметі туралы қосымша мәліметтер ұсынады.

10. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

1) осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың ата-аналары немесе занды өкілдері (әрбір сынып параллельінен осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың бір ата-анасы немесе занды өкілі) – 11 адамнан аспайды;

2) педагогикалық еңбек ардагерлері (бар болса) – 1 адам;

3) жергілікті өкілді және/немесе атқарушы, және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдері – 1-3 адам;

4) үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері – 1-2 адам;

5) қайырымдылық жасаушылар және/немесе меценаттар (бар болса) – 1-2 адам;

6) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса) – 1 адам;

7) оқушылық өзін-өзі басқару органдарының өкілдері – 1-2 адам.

11. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді ата-аналар жүргішілігінде жалпы жиналышында іріктеуден өткен білім беру ұйымдары ұсынады.

Ата-аналар жүргішілігінан үміткерлердің тізімі (әрбір сынып параллельінен осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың бір ата-анасы немесе занды өкілі) осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

12. Комиссия өтініштерді беру мерзімі аяқталған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде үміткерлер ұсынған құжаттарды қарайды, үміткердің осы Қағидалардың 9, 10, және 11-тартылғанда сәйкестігін бағалауды жүргізеді. Жүргілген бағалау нәтижелері бойынша Комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес үміткерлерді іріктеуді жүргізеді.

Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді іріктеу кезінде білімінің болуы, кәсіби білімі, құзыреттілігі, іскерлік беделі ескеріледі.

Барлық қажетті ресімдерді ескере отырып, Қамқоршылық кеңесті сайлау күнтізбелік жылдың 30 қазаннан кешіктірілмей аяқталады.

13. Қамқоршылық кеңестің сайланған құрамы тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Комиссия хаттамалық шешім шығарған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітеді, сайланған құрамның тізімі олардың ресми интернет-ресурсында және білім беру ұйымдарында орналастырылады.

3-тарау. Қамқоршылық кеңестің функциялары

14. Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

1) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды келіседі;

2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған білім беру үйымының жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

3) білім беру үйымының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

4) білім беру үйымның жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізууді келіседі;

5) білім беру үйымы таңдаған оқу жылының басталуы мен аяқталуының баламалы мерзімдерін келіседі;

6) білім беру үйымының эксперименттік білім беру бағдарламаларын келіседі;

7) тиісті деңгейдегі уәкілетті органдың атtestаттау комиссиясына біліктілік санатын беруге (растастауға) кезекті атtestаттаудан өтуге оның жұмысының қорытындылары бойынша білім беру үйымының басшысына ұсыным хат ұсынады;

8) білім беру үйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуы туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды;

9) жыл ішінде "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығына және "Бебек" ұлттық ғылыми-тәжірибелік, оқу және сауықтыру орталығына жіберілген білім алушыларға үміткерлердің тізімдерін келіседі;

10) білім алушылардың, ата-аналардың немесе өзге де занды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады, олардың құқықтарын қорғауға, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітүшілікten қорғауға жәрдемдеседі;

11) санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақ өнімдерінің сапасына, ішу режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

12) білім беру үйымы басшысының білім беру үйымының қызметі туралы есептерін жылына кемінде 2 (екі) рет тындаиды;

13) қын өмірлік жағдайдағы білім алушыларға қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін білім беру үйымдарының шотына түскен демеушілік қаражаттың жұмсалуын бақылайды;

14) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын отбасылардан шаққан білім алушыларға көмек көрсетуді үйымдастыруға жәрдемдеседі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған балаларды, ерекше білім алуды қажет ететін балаларды, дарынды балаларды қолдау шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

15) білім беру үйымының әкімшілігіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүргізуге жәрдемдеседі;

16) білім алушылардан және ата-аналардан немесе өзге де занды өкілдерден жасырын сұрау арқылы білім беру үйымындағы білім алушылардың оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне оқу жылы ішінде 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

17) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру үйымдарының мұдделері бойынша үйірмелерде және спорт секцияларында жұмыспен қамтылуына жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

18) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг жүргізеді;

19) педагогикалық ұжымға білім алушылардың отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, білім беру үйымының әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналышын өткізеді;

20) білім беру үйымының әкімшілігіне білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, қайыршылықтың, қорлаудың, ойынға құмарлықтың алдын алуда жәрдемдеседі;

21) оқушылар арасында тәртіпті нығайтуға және мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар немесе өзге де занды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге көмектеседі;

22) білім беру үйымының қызметі бойынша мәдени-сауықтыру іс-шараларын, конференцияларын, кеңестерін, семинарларын өткізуге ықпал етеді;

23) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтың актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

Бақылау барысында анықталған бұзушылықтар кезектен тыс отырыстың қарауына шығарады.

15. Қамқоршылық кеңестің қызметі оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тaraу. Қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру тәртібі

16. Қамқоршылық кеңестің отырысы тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі.

Қамқоршылық кеңестің отырыстарын бейнеконференцбайланыс режимінде өткізуге жол беріледі.

17. Отырысты өткізу туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерін хабардар ете отырып, білім беру үйымының интернет-ресурсында орналастырады.

Интернет-ресурстағы ақпаратта отырыстың өткізу күні, уақыты және орны көрсетіледі.

18. Отырыстарға азamatтық қоғамның бақылаушылары қатысады.

19. Осы білім беру үйымының Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің арасынан Қамқоршылық кеңестің отырысында көпшілік дауспен ашық дауыс беру жолымен сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

20. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және оның қызметін осы Қағидаларға сәйкес қамтамасыз етеді. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

21. Білім беру үйымы қызметкерлерінің немесе тәуелсіз тұлғалардың арасынан сайланатын және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайтын Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

22. Отрысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырысы заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не адамға сенімхат бойынша беруіне жол берілмейді.

23. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады, хаттамамен ресімделеді және оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда Қамқоршылық кеңестің төрағасы немесе Қамқоршылық кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

24. Қамқоршылық кеңестің шешімдерін білім беру үйымының әкімшілігі заңда белгіленген мерзімде тиісті шешімдер қабылдай отырып қарайды.

25. Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен барлық қатысып отырган мүшелері қол қояды және білім беру үйымының басшысына келісуге енгізіледі.

26. Білім беру үйымының басшысы Қамқоршылық кеңестің шешімімен кезде келіспеушіліктер оларды еңсеру үшін қамқоршылық кеңестен және мектепке дейінгі үйымнан қатысушылардың тең саны қатысатын комиссия (бұдан әрі – Келісу комиссиясы) құрылатын келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Келісу комиссиясының мүшелері өз құрамынан Келісу комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен тәрағаны сайлайды. Келісу комиссиясы келіспеушіліктер туындаған шешімдерді қарайды.

Келісу комиссиясы шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Келісу комиссиясының шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. "Қолдаймын" немесе "қарсымын" дауыстар саны тең болған кезде келісу комиссиясы тәрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

27. Қамқоршылық кеңестің шешімдерін кеңес хатшысы білім беру үйымының интернет-ресурсында орналастырады.

28. Білім беру үйымға қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

29. Білім беру үйымға қабылданған қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер:

1) мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанында құрылған білім беру үйимдары үшін - Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілдегі органның аумақтық бөлімшесінде ашылған қайырымдылық көмекке арналған қолма-қол ақшаны бақылау шотына;

2) өзге үйымдық-құқықтық нысандарда құрылған білім беру үйымы үшін - екінші деңгейдегі банкте ашылған шотына аударылады.

30. Қайырымдылық көмектен түскен қаражат мынадай мақсаттарға жұмсалады:

1) білім беру үйымының білім алушыларын әлеуметтік қолдауға;

2) білім беру үйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;

3) дарынды балаларды қолдауга;

4) дамушы ортаны үйимдастыруға.

31. Білім беру үйымы жыл сайын қаржы жылшының қорытындысы бойынша осы білім беру үйымының интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы ата-аналар қоғамдастығын өз қызметінің нәтижелері туралы хабардар етеді.

32. Қамқоршылық кеңестің мүшесі осы кеңестің қызметі шеңберінде жеке деректерді қорғау, мемлекеттік және қызметтік құпия, коммерциялық құпия туралы қолданыстағы заңнамамен қорғалатын мәліметтерді үшінші тұлғаларға жария етуге болмайды.

5-тaraу. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

33. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- 1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;
- 2) білім беру үйымы таратылған және қайта үйымдастырылған кезде;
- 3) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;
- 4) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда жүзеге асырылады.

34. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан:

- 1) жеке бастама бойынша (Кеңес төрағасының атына еркін түрдегі жазбаша өтініш негізінде);
- 2) кеңес отырыстарында дәлелсіз себептермен жыл ішінде үш реттен артық болмау себебінен шығарылады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі¹
2017 жылғы 27 шілдесінде
№ 355 бұйрығы
3-қосымша

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын үйимдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі

Ескерту. Бұйрық 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын үйимдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) қызметін үйимдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды

2. Қамқоршылық кеңес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымының (бұдан әрі – ТжКБ үйымы) дамуына ықпал ететін және ТжКБ үйимдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;

4) ашықтық;

5) жариялышың пен шынайышы.

3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;

2) өз қызметін ТжКБ білім беру үйымымен, жүртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асыруға міндетті.

2-тaraу. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі

4. Қамқоршылық кеңесті тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құратын комиссия (бұдан әрі – Комиссия) сайлайды.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

5. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екінен) аспайды.

Комиссия құрамына жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес үйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

6. Комиссия төрағасы комиссия мүшелерінің арасынан оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.

Комиссия хатшысы оның жұмысын үйімдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдың қызметкері Комиссияның хатшысы болып табылады.

7. Комиссияның жалпы құрамының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысқан жағдайда Комиссияның отырысы өткізілген және оның шешімі заңды болып есептеледі.

Комиссия шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының дауыстар басымдылығымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның барлық шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді, оған төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қояды.

8. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құнтізбелік жылдың 1 мен 10 қыркүйек аралығындағы кезеңде (Қамқоршылық кеңестің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде) Қамқоршылық

кеңестің сайлануы жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыруды, оның атауын, сапалық құрамын, сондай-ақ Қағиданың 9-тармағына сәйкес құжаттар мен мәліметтер жіберілетін почта және электрондық мекенжайларды көрсете отырып, өзінің интернет-ресурсында және/немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялады.

Құжаттарды қабылдау хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн өткен соң аяқталады.

9. Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарламада көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтінім (еркін түрде);
- 2) үміткердің жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 4) білімі бар екендігі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Үміткерлер өздерінің кәсіби (немесе) қоғамдық қызметі туралы қосымша мәліметтер ұсынады.

10. Қамқоршылық кеңестің құрамына білім алушылардың ата-аналары немесе занды өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік, өкілді органдардың, жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің, меценаттардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіреді.

11. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді ата-аналар жұртшылығының жалпы жиналысында іріктеуден өткен білім беру ұйымдары ұсынады.

Ата-аналар жұртшылығынан үміткерлердің тізімі (әрбір курстан осы ТЖКБ ұйымында білім алушылардың бір ата-анасынан немесе өзге де занды өкілінен) осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

12. Комиссия өтініштерді беру мерзімі аяқталған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде үміткерлер ұсынған құжаттарды қарайды, үміткердің осы Қағидалардың 9, 10, және 11-тармактарына сәйкестігін бағалауды жүргізеді. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес үміткерлерді іріктеуді жүргізеді.

Барлық қажетті рәсімдерді ескере отырып, Қамқоршылық кеңесті сайлау күнтізбелік жылдың 30 қазаннан кешіктірілмей аяқталады.

13. Қамқоршылық кеңестің сайланған құрамы тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Комиссия хаттамалық шешім шыгарған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітеді, сайланған құрамның тізімі олардың ресми интернет-ресурсында және ТжКБ ұйымдарында орналастырылады.

3-тарау. Қамқоршылық кеңестің функциялары

14. ТжКБ ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

1) ТжКБ ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды келіседі;

2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған ТжКБ ұйымының жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

3) ТжКБ ұйымының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

4) ТжКБ ұйымның жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуі келіседі;

5) "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандығы № 57 бүйріғына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7495 болып тіркелген) ТжКБ ұйымы басшысының бос лауазымына орналасуға кандидаттармен әңгімелесу қорытындылары бойынша хаттамалық шешімді келіседі және шығарады;

6) ТжКБ ұйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуы туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін тандау жөнінде шешім қабылдайды;

